

"Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 176 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 786 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 тамызда № 29024 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №176 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10760 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және мәмілеге қатысушының мәміле мониторингі бойынша есептілік нысандарын толтыруы мен оларды уәкілетті органдарға тапсыру тәртібін, сондай-ақ мәмілеге қатысушылардың мәміле мониторингі бойынша құжаттама жүргізуінің тәртібін айқындайды.

2. Мәмілелер мониторингін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары мәмілеге қатысушылар қолданатын бағаларға бақылау жүргізу жолымен және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 130-бабына сәйкес мониторингке жататын салық төлеушілерден "Халықаралық іскерлік операциялары мәмілелер мониторингіне жататын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тізбесін бекіту туралы" Қаржы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 194 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10680 болып тіркелген) сәйкес халықаралық іскерлік операциялар жөнінде ақпараттар жинау арқылы жүзеге асырады.
";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру тәртібі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік нысандарын толтыру тәртібі";

9-тармақта:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні" және "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) №" деген 6 және 7-бағандарда тауарларға арналған декларацияның күні мен нөмірі немесе Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі - Өтініш) күні мен нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің күні мен нөмірі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі.";

жиырма екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сатып алушының атауы" және "Сатып алушының заңды мекенжайы" деген 22 және 23-бағандарда тауарды (жұмысты, қызметті) алушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және сатып алушының заңды мекенжайы көрсетіледі.";

отыз төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Теңге бағамы" деген 35-бағанда табыс танылған күнге келісімшарт (шарт) валютасына теңгенің нарықтық бағамы көрсетіледі.";

елуінші бөлікпен мынадай редакцияда толықтырылсын:

"Бағаланатын кезең" деген 51-бағанда мәміле шарттарына сәйкес мәміле тараптары тиісті биржалық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық емес тауарлардың күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәнін айқындайтын кезең ішінде тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуге арналған келісімшартта белгіленген, бірақ биржадағы баға белгіленімдері жарияланған, қатарынан күнтізбелік отыз бір күннен аспайтын баға белгілеу кезеңі көрсетіледі.";

елу бірінші бөлікпен мынадай редакцияда толықтырылсын:

"Ақпарат көздерінен алынған баға" деген 52-бағанда ресми танылған ақпарат көздерінен, биржалық белгіленімдер туралы деректерден, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған баға көрсетіледі.";

10-тармақта:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

""Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні" және "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) №" деген 6 және 7-бағандарда тауарларға декларацияның күні мен нөмірі немесе Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі - Өтініш) күні мен нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің күні мен нөмірі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі.";

жиырма екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

""Сатушының (жөнелтушінің) атауы" және "Сатушының (жөнелтушінің) заңды мекенжайы" деген 22 және 23-бағандарда тауарды (жұмысты, қызметті) сатушы (жөнелтуші) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және сатушының (жөнелтушінің) заңды мекенжайы көрсетіледі.";

отыз төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

""Теңге бағамы" деген 35-бағанда шығыс танылған күнге келісімшарт (шарт) валютасына теңгенің нарықтық бағамы көрсетіледі.";

елуінші бөлікпен мынадай редакцияда толықтырылсын:

""Бағаланатын кезең" деген 51-бағанда мәміле шарттарына сәйкес мәміле тараптары тиісті биржалық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық емес тауарлардың күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәнін айқындайтын кезең ішінде тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуге арналған келісімшартта белгіленген, бірақ биржадағы баға белгіленімдері жарияланған, қатарынан күнтізбелік отыз бір күннен аспайтын баға белгілеу кезеңі көрсетіледі.";

елу бірінші бөлікпен мынадай редакцияда толықтырылсын:

""Ақпарат көздерінен алынған баға" деген 52-бағанда ресми танылған ақпарат көздерінен, биржалық белгіленімдер туралы деректерден, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған баға көрсетіледі.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мәмілелер мониторингіне жататын тауарлармен мәмілелерді жүзеге асыратын мәмілеге қатысушылардың мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама жүргізу тәртібі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мәмілеге қатысушылар қолданылатын бағаның негізділігін растайтын құжаттама жүргізеді және мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша оны мемлекеттік кірістер органдарына табыс етеді.";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрықтағы 1 және 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрі
"КЕЛІСІЛДІ"*

Е. Жамаубаев

*Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 786 Бұйрыққа
1-қосымша
Мәмілелер мониторингін
жүзеге асыру ережесіне
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://kgd.gov.kz/ru/content/transfertnoe-cenoobrazovanie-1-1>

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік.

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): 1 - Э ТРУ

Кезеңділік: жыл сайынғы.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: салық төлеушілер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 130-бабына сәйкес, халықаралық іскерлік операциялар бойынша ақпарат тауарлар (жұмыстар, қызметтер) халықаралық іскерлік операциялар тізбесіне

сәйкес тауарлар (жұмыстар, қызметтер), Қазақстан Республикасының "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей.

Ескертпе: нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы бұйрықпен бекітілген Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларында келтірілген.

"Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жіберушінің (экспорттаушының) атауы	Салық кезеңі	Тауарларға декларацияның (Өтініштің) күні	Тауарларға декларацияның (Өтініштің) №	Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы коды	Тауардың жұмыстардың, қызметтердің) атауы	Тауардың (жұмыстардың, қызметтің) сапалық сипаттамалары	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нарығындағы беделі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кестенің жалғасы

Тауардың жөнелту, жұмыстар орындау, қызметті көрсету елі	Тасымалдау түрі	Тауардың (жұмыстар, қызметті) шығарушы елі	Тауардың (жұмыстар, қызметті) өндірушісі	Тауарлық таңбаның (сауда маркасының, брендінің) болуы	ИНКОТ (ЕРМС-ке сәйкес тауарды жеткізу шарты	Тауардың (жұмыстар, қызметті) тиесп жөнелту күні	Тауардың (жұмыстар, қызметті) тиесп жөнелту орны	Тауардың (жұмыстар, қызметті) тиесп жөнелту орны	Тауардың (жұмыстар, қызметті) тиесп жөнелту орны	Тауардың (жұмыстар, қызметті) тиесп жөнелту орны	Сатып алушының атауы
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	

Кестенің жалғасы

Сатып алушының заңды мекенжайы	Сатып алушының тіркелген елі	Сауда жасаушы елі	Тараптардың (сатушы мен сатып алушының) өзара байланы	Келісім шарттың (шарттың) күні	Келісім шарттың (шарттың) №	Шот-фактураның күні және №	Тауардың өлшем бірлігі	Тауардың өткізу көлемі	Кұны (Келісім шарттың) шартты	Мәміле бағасы (Келісім шарттың) шартты
--------------------------------	------------------------------	-------------------	---	--------------------------------	-----------------------------	----------------------------	------------------------	------------------------	-------------------------------	--

			с ы туралы акпарат						н) валютас ымен)	валютас ымен)
23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33

Кестенің жалғасы

Келісім шарт (шарт) валютасы	Теңге бағамы	Трансферттік баға белгілеу әдіснамасы	Мәміле бағасын белгілеу ға ықпал ететін факторлар	Нарық ты қ бағаны айқында у үшін колданы латын әдіс	Ақпарат көзі	Дифференциал (мағынасын ашумен)	Тауардың жұмыстың, қызметтің) нарықтық бағасы	Мәмілеге қатысушының (экспорттаушының) кәсіпкерлік қызметінің, қызмет саласының және нарық шарттарының сипаттамасы	Бизнестің стратегиясы	Тауардың жұмыстың, қызметтің) мәміле бағасының дұрыс қолданылуын негіздейтін басқа ақпарат
34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44

Кестенің жалғасы

Тауардың (жұмыстың, қызметтің) мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін басқа ақпарат	Экспорттық нарықтардағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасының болжамы	Іскерлік операцияларды жүргізу стратегиясы	Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттар бойынша есептері, оның ішінде қаржылық есептілік	Функционалды талдау, тәуекелдерді, материалдық және материалдық емес активтерді талдау	Маржа, сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысы олардың сауда-делдалдық функциялары орындағаны үшін өтемақы	Баға белгілеу кезеңі	Ақпарат көзінен алынған баға
45	46	47	48	49	50	51	52

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 786 Бұйрыққа
2-қосымша

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----

Кестенің жалғасы

Сатып алушының заңды мекенжайы	Сатып алушының тіркелген елі	Сауда жасаушы ел	Тараптардың (сатушы мен сатып алушының) өзара байланысы туралы ақпарат	Келісім шарттың (шарттың) күні	Келісім шарттың (шарттың) №	Шот-фактураның күні және №	Тауардың өлшем бірлігі	Тауардың өткізу көлемі	Құны (Келісім шарттың (шарттың) валютасымен)	Мәміле бағасы (Келісім шарттың (шарттың) валютасымен)
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Кестенің жалғасы

Сатып алушының заңды мекенжайы	Сатып алушының тіркелген елі	Сауда жасаушы ел	Тараптардың (сатушы мен сатып алушының) өзара байланысы туралы ақпарат	Келісім шарттың (шарттың) күні	Келісім шарттың (шарттың) №	Шот-фактураның күні және №	Тауардың өлшем бірлігі	Тауардың өткізу көлемі	Құны (Келісім шарттың (шарттың) валютасымен)	Мәміле бағасы (Келісім шарттың (шарттың) валютасымен)
23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33

Кестенің жалғасы

Келісім шарт (шарт) валютасы	Теңге бағамы	Трансферттік баға белгілеу әдіснамасы	Мәміле бағасын белгілеуге ықпал ететін факторлар	Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс	Ақпарат көзі	Дифференциал (мағынасын ашумен)	Тауардың (жұмыстың, қызметтің) нарықтық бағасы	Мәмілеге қатысушының (импорттаушының) кәсіпкерлік қызметінің, қызмет саласының және нарық шарттарының сипаттамасы	Бизнесінің стратегиясы	Тауардың (жұмыстың, қызметтің) мәміле бағасының дұрыс қолданылуын негіздеуінің басқа ақпарат
34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44

Кестенің жалғасы

Тауардың (жұмыстың, қызметтің) мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін басқа ақпарат	Экспорттық нарықтардағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасының болжамы	Іскерлік операцияларды жүргізу стратегиясы	Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттар бойынша есептері, оның ішінде қаржылық есептілік	Функционалдық талдау, тәуекелдерді, материалдық және материалдық емес активтерді талдау	Маржа, сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысы не олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақы	Баға белгілеу кезеңі	Ақпарат көзінен алынған баға
45	46	47	48	49	50	51	52